

Thermomix™ құрылғысын қауіпсіз басқаруды білу жақындарыңыздың сүйікті тағамдарын білумен бірдей маңызды болып табылады. Бұл Thermomix™ негіздері жинағында барлық маңызды қауіпсіздік ережелерін жинақтадық: барлық негізгі ережелерді қарап шығып, Thermomix™ құрылғысын қауіпсіз пайдалану туралы үйреніңіз және керек-жарақтар туралы барлық қажетті мәліметтерді біліп алыңыз!

## Негізгі қауіпсіздік ережелері



### ТЕК ТАҒАМҒА АРНАЛҒАН:

Thermomix™ – тағам дайындау үшін ғана пайдаланылуға арналған пісіру құралы.



### АБАЙЛАП ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ:

Thermomix™ құрылғысымен пісіру кезінде абай болыңыз және алғаш рет пайдаланушыларды бақылап отырыңыз немесе Thermomix™ құрылғысын пайдалану туралы нұсқаулар беріңіз. Әрқашан мұқият болып, Thermomix™ құрылғысымен пісіру кезінде балаларды жақындатпаңыз.



### МЫНАЛАРДЫ ТЕКСЕРІҢІЗ:

Пайдаланудан бұрын Thermomix™ құрылғысын және жалғау кабелі, араластыру науасы, қақпағы не қақпақтағы тығыздағыш сақина (тек TM31) сияқты керек-жарақтарының зақымдалу дәрежесін тексеріңіз. Зақымдалмаған және бөлшектері дұрыс орнатылған жағдайда ғана пайдаланыңыз.



### КОРПУСЫН ҚҰРҒАҚ КҮЙІНДЕ САҚТАҢЫЗ:

Thermomix™ корпусын суға тигізбеңіз. Корпустың ішіне су, сұйықтық не қатты тағам қалдықтарының кіруіне жол бермеңіз. Корпусты тек ылғал шүберекпен тазалаңыз. Тазалаудан бұрын Thermomix™ құралын қуат желісінен ажыратыңыз.



### ЖАСЫЛ ТҮСТІ ТЫҒЫЗДАҒЫШ САҚИНАНЫ ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ:

Thermomix™ TM31 құрылғысын жасыл тығыздағыш сақинаны араластыру науасының қақпағына дұрыс бекітіп пайдаланыңыз. Егер сізде жасыл тығыздағыш сақина жоқ болса, жергілікті тұтынушыларға қызмет көрсету бөлімінен тапсырыс бере аласыз.



### АУЫСТЫРУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ:

Тығыздау сақинасы (тек TM31) екі жыл сайын немесе зақымдалған жағдайда, тез арада ауыстырыңыз. Тек түпнұсқалық Vorwerk Thermomix™ керек-жарақтарын пайдаланыңыз.



### ПЫШАҚ ЖҮЗДЕРІ ӨТКІР:

Араластыру пышағының жүзі тым өткір. Араластыру пышағын шығарып алу не қайта салу кезінде оның жоғарғы бөлігінен ғана ұстаңыз. Thermomix™ құрылғысы қосулы тұрғанда араластыру пышағына тиіспеңіз.



### ТИІСТІ ОРЫНДЫ ТАБУ:

Thermomix™ құрылғысын сырғанап кетпеуі үшін таза, қатты, тегіс және қызып кетпейтін бетке қойыңыз. Thermomix™ құрылғысын асханадағы плитадан алысқа орналастырыңыз, себебі ол қызып кетсе, өрт шығуы мүмкін.



### ЖЫЛЖУЫ МҮМКІН:

Thermomix™ құрылғысын беттің қырларынан алысқа қойыңыз, себебі камыр араластыру не тағамды майдалау кезінде, Thermomix™ жылжып кетуі мүмкін. Жұмыс істеп тұрғанда аспапты бақылап отырыңыз.